



Қаздауысты Қазыбек: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



Газет 2007 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығымен марапатталды.

www.ortalyq.kz

◆ Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

◆ СЕЙСЕНБІ, 14 ҚАРАША, 2017 ЖЫЛ №127 (22 434) ◆

Газет 1981 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған.

Құрметті қаржыгерлер!

Қаржы саласының барлық қызметкерлерін кәсіби мереке – Ұлттық валюта күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ел Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 1993 жылдың 15 қарашасында ұлттық валютамыз, егемендік нышандарының бірі – теңге айналымға енді.

Міне, біздің ел осымен 24 жыл ішінде Ұлттық валюта күнін атап өтіп келеді.

Халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған реформалар жүргізу нәтижесінде, мемлекетіміз экономикада, әлеуметтік салада ауқымды жетістіктерге қол жеткізді.

Әрине, осынау игі істерге жеке қаржы секторымызды құру негіз болды.

Қаржы жүйесі – экономика саласының ең күрделі және жедел дамушы жүйесінің бірі. Бұл мамандықты ойлау қабілеті жоғары, күрделі мәселелердің оң шешімдерін табуға бел буған адамдар таңдайды. Қаржы саласында өзінің күш-жігеріне, ақыл-қайратына сенген, жауапкершілікті сезіне білетін жандар еңбек етеді.

Қаржыгерлер алдындағы міндеттер жыл санап арта түсуде. Сіздердің іскерліктеріңіз қоғамның ілгері басуына – экономиканың дамуына, елдің гүлденуіне бастайды. Сіздердің жұмыстарыңыз елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, азаматтардың тұрмысын жақсартуға бағытталған.

Еселі еңбектеріңіз елдің игілігіне жарап, ырыс-берекеге, табыстан табысқа жетелесін!

Көпжылдық тәжірибені жаңа көзқарастармен, алдыңғы қатарлы технологиялармен үйлестірген қаржы жүйесінің игі дәстүрін сақтап, дамытуларыңызға тілектеспіз.

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, амандық, бақуатты өмір, өмірдегі, еңбек жолындағы оң өзгерістер мен сәттілік тілейміз!

Ерлан ҚОШАНОВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Серік ӨТЕШОВ,
облыстық мәслихат хатшысы.

Жарнама бөлімінің телефоны мен электрондық поштасы:

43-21-55

ortalyk.reklama@mail.ru

ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

Азат елдің бір айғағы – ұлттық валюта. Сарапшы ғалымдар ұлттық валютаның сондау қиын-қыстау кезеңде айналымға енуі – экономикалық реформаны жедел жүргізудің бірегей шарты деп бағалайды. Теңгенің өмірге келуі – Тәуелсіздікті бекемдей түсудің екінші бір күрделі қадамы болды дейді. Экономистердің айтуынша, ұлттық валюта ел Үкіметіне де, Ұлттық банкке де тәуелсіз экономикалық, қаржылық-кредиттік саясат жүргізуге мол мүмкіндік берді.

Валюта бағамының деңгейі сыртқы саудаға, ұлттық өнімдердің әлемдік нарықтағы бәсекелестігіне, капиталдың қозғалысына, ақша айналымының қалпына және елдің бүкіл экономикасына айрықша әсер етеді. Ұлттық валютаның бағамын төмендету тауарларды экспорттауға жағдай туғызады, яғни, төлем балансының белсенділігін арттырады. Ұлттық банк айналымға теңгені көбірек жіберу арқылы теңге бағамын төмендетуде. Мамандар болса, қазақтың ұлттық валютасы көршілес елдердің ішінде құнды ақша екенін айтады. Орталық Азия елдері арасында теңгенің беделі өте жоғары, бүгінгі тұғыры бір қалыпты.

1993 жылдың қазан-қараша айларында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шығып, 15 қараша күні теңге ресми айналымға енген болатын. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау сол жылдың 15 қарашасы күні таңғы 8.00-де басталып, 20 қараша күні 20.00-де аяқталған еді. Ұлттық банк алғашқыда 1 теңгені сол кездегі 1000 рубльге бағалаған болатын. Алайда, кейін еліміздің саяси және әлеуметтік, мемлекетаралық қатынастары ескеріліп, 1 теңге 500 рубль бағамында белгіленді. Теңге айналымға енердің алдында, үш күн бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қазақстан Республикасында Ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлық шығарған болатын. Жалпы, төл теңгемізді дайындау жұмыстары 1992 жылы қолға алынып, сол жылдың 27 тамызы күні Ұлттық банк теңге купю-

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ЕЛДІКТІҢ НЫШАНЫ



расының үлгілерін бекітті. Ертеңінде қазақ валютасының дизайнын әзірлеген суретшілер Тимур Сүлейменов, Мәңдібай Алин, Ағымсалы Дүзепханов, Қайролла Әбжелелов Англияға жол тартты. 1993 жылы алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне әрі әйгілі «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылды. Теңгені елге тасымалдау үшін төрт «ИЛ-86» ұшағы Тұманды Альбион еліне 18 мәрте қатынады. Төл валютамыздың алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жерасты қоймалары дайындалып, дәл осы қоймалардан ұлттық теңгеміз еліміздің барлық өңірлерінде банкерге 8 күн ішінде жеткізілген еді. Бұл жайында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «ИЛ-86» төрт ұшағын жалдап алып, ақшамыздың 60 пайызын тасып әкелдік. Бұл өте құпия операция еді. Құжаттарға: «Мемлекет басшысының салынып жатқан резиденциясына керекті мүлік» деп жазылды. Оған дейін облыстарда жерасты қойма жасатып қойдық. Төрт

ұшақ аптасына Лондон-Орал, одан облыстарға дейін әрлі-берлі он сегіз рейс жасап тұрды. 12 қарашаны мен ақшаны енгізу күні деп жариялады. Жиырма күнге жетер-жетпес уақыт қалды. ҰҚК басшыларының бәрін операцияны өткізуге жұмылдырды. Ең қиыны ақшаны барлық аудандарға, барлық банкілерге жеткізу. Ол сегіз күннің ішінде атқарылып шықты. Бәлкім, дүниежүзінде жаңа ақшаны енгізу тап осындай тез әрі табысты жүзеге асырылған жоқ шығар» деп еске алады жазбаларда.

13 қарашада барлық газеттер жаңа валютаның суреттерін басты. Қарашаның 15-інен 20-сына дейінгі уақыт сомды теңгеге ауыстыру үшін берілді. Тура алты күнде халық қолдағы ақшасын тәуелсіз елдің валютасына айырбастау керек еді. Ұлттық банктің облыстық басқармасы, екінші деңгейлі он екі банктің филиалдары, есеп айырысу қассалары тәулігіне 19 сағатқа дейін тұрғындар қаржысын ауыстырып жатты. Ескі ақша түні

бойы есептеліп, сұрыпталып, жөнелтуге даярланды. Жұмыстың ең ауыры облыс орталығындағы есеп-қасса орталықтарына түсті. Бұл ұжым алты күннің ішінде 8 миллиард рубль ескі ақша қабылдапты. Осы күндері ақша тапсыруға 362 мың тұрғын келген. Тұрғындар 19,6 миллиард ескі рубль жинаған. 770 қапқа салынған 20 тонна рубль отқа жағылған.

Сол жылы 22 қарашада зейнетақы мен еңбекақы теңгемен беріле бастады. Елімізде валюта айырбастау пункттері ашылып жатты. Кейін Алматы қаласында Ұлттық банктің Банкнот фабрикасы, Өскеменде Монета сарайы ашылды. Уақыт талабына сай, теңгенің дизайны өзгерді. Бүгінде купюралар қорғаныштық қасиеті дамыған елдер валютасымен бәсекелесе алатын деңгейде екенін мәлімдейді мәліметтер.

Әзірлеген
Қызғалдақ АЙТЖАНОВА.

ОРАҚ – 2017



Мемлекет басшысы аграрлық секторды экономиканың жаңа драйверіне айналдыруда жергілікті жерлердегі билік өкілдеріне нақты міндеттер қойды. Елбасы тапсырмасын іске асыру мақсатында Абай ауданында ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті бағамдалып, агроөнеркәсіп кешенін дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Абай ауданы – облыстағы ірі аграрлық аймақ. Қыркүйектің соңында орақ науқанына нүкте қойылды. Аудан диқандары биыл

былтырғыға қарағанда мол өнім алды.

Көктемде 41654,7 гектар жерге тұқым себілді. Оның ішінде, 25449,2 гектар жерге дәнді-дақылдар, 4205 гектарға картоп, 820,5 гектарға көкөніс, 160 гектарға сүрлемдік жүгері және 325,4 гектарға жасымық егілді. Өткен жылмен салыстырғанда биыл астық дақылдары егілген жер көлемі артып отыр. Орташа түсім гектарына 14 центнерден айналды. Бұл Қарағанды облысы бойынша жоғарғы көрсеткіш болып табылды.

Егіс даласынан 109330 тонна картоп, 33640,5 тонна көкөніс жиналды. «Астра Агро ЛТД» ЖШС гектарына – 300 центнер, «Шанс» ШҚ гектарына – 283 центнер, «Надежда Н.В.» ЖШС гектарына – 280 центнер картоп алып, ең жоғарғы көрсет-

кішке қол жеткізді. Бұл – заманауи технология және сапалы тұқымдар арқасында еңсерілген меже. Ал көкөніс өнімділігі бойынша «Поливное» ШҚ көш бастады. Шаруа қожалығының көкөніс алқабы 300 гектарды құрады. Аудан бойынша көкөніс алқаптарының 36,5%. Шаруашылық биыл 3 «Reinke» жаңбырлатып суару машиналарын 65 млн. теңгеге сатып алды. Көкөніс шығымдылығы гектарына 479 центнерді құрады.

Абай ауданындағы барлық шаруа қожалықтары ел игілігін еселеу жолында тер төгуде. Қажыр-қайратымен еліміздің экономикасының дамуына қомақты үлес қосып келеді. Еңбектерімен – еңселі.

Гүлнұр ОНАЛЫҚСЫЗЫ.

АБАЙ АУДАНЫ.

БӘРЕКЕЛДІ!

МУЗЕЙ АШЫЛАДЫ

Жыл соңында Геннадий Головкин атындағы спорт кешенінде боксшыға арналған музей ашылады.

Кешен басшылығының айтуынша, ғимарат холында музей орналастырылады. Қазір музейдің сөрелері мен стендтері әзірленуде. Келешекте келушілер назарына чемпионның медальдары мен марапаттар коллекциясының суреттері, бокс қолғабы, жекпе-жектерінің жарнамасы, Олимпиада ойындарында өнер көрсеткен аяқ киім қойылады. Сондай-ақ, жанкүйерлер чемпион шаршы алаңға киіп шығатын «GGG» жазуы бар шапанын тамашалай алады.

Өз тілшімізден.

Баспасөз – 2018

Қалалар бойынша

Мекемелер мен кәсіпорындар үшін 6 айға – 5228,60 тг.
Бір жылға – 10457,20
Жеке адамдар үшін 6 айға – 2828,60 тг. Бір жылға – 5657,20

«Қазпочта» АҚ Индексі: 65484

ОРТАЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАН

газетіне жазылу жалғасуда

Ауылдар бойынша

Мекемелер мен кәсіпорындар үшін 6 айға – 5336,80 тг.
Бір жылға – 10673,60
Жеке адамдар үшін 6 айға – 2876,80 тг. Бір жылға – 5753,60

Газет редакциясында басылымға баспа құны (жеткізіп берусіз) бойынша баламалы түрде жазылу жүргізіледі. Анықтама телефоны: 43-57-78



ДІН - ДІНГЕК

ЖАСТАР -
жат ағымға қарсы

Өткен аптада Қарағанды қаласы Жастар ресурстық орталығы Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы курсанттарымен «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі мемлекеттік-діни қатынастар» тақырыбындағы профилактикалық кездесу өткізді.

Іс-шара Діни экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама аясында өрбіді.

Мұндағы мақсат – жастарға мемлекеттік дамудың негізгі заңдылық принциптерін түсіндіру.

Ел ертеңінің алдында баяндама жасағандар – азаматтық құқық пәндері кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны, филология ғылымдарының докторы Дәулет Райбаев, «Нұрлы білім» ҚҰ дінтанушысы Санжар Момынжанов.

Курсанттарға ҚР дін саласындағы концептуальды ережелер, зайырлылық негіздерін және экстремистік салдарларға шақыратын ақпарат таратудағы құқықтық жауапкершіліктер түсіндірілді.

Кездесу соңында қатысушыларға «Қазақстан – толерантты ел» атты бейнеролик көрсетілді.

Қала әкімінің баспасөз қызметі.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.

ЕҢБЕК
МАУСЫМЫ
АЯҚТАЛДЫ

Саран қаласының балалар мен жастар орталығында «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы еңбек маусымының жабылу салтанаты өтті.

Салтанатты шарада қала әкімінің орынбасары Е.Оспанов студенттерге жылы лебізін жеткізіп, «Жасыл ел» үздік жасағы» номинациясын табыс етті. Еңбек маусымының қорытындысы бойынша, бұл номинацияның №1 жалпы білім беретін мектептің «Жаз» жастар еңбек жасағы жеңіп алса, №2 мектептің «Зеленый десант» және №13 мектептің «Еңбекқор» жастар еңбек жасақтары дипломдармен марапатталды. Сонымен қатар, «Бақыт» демалыс базасының директоры А.Зейнүтдинов 2017 жылдың жазғы маусымында «Карат» ЖШС-де жұмыс істеп, «Лучший боец» «Жасыл ел» номинациясын жеңіп алған А.Тампышевке – номинацияны, аталмыш кәсіпорында жұмыс істеген А.Мединов пен «Абаттандыру» ЖШС-де жұмыс істеген Н.Халитовқа дипломдарды табыс етті. Барлық жеңімпаздарға естелік сыйлықтар да берілді. Жастар ресурстық орталығының директоры Ө.Рахымжанов жастар еңбек жасағының маңыздылығына тоқталып, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға үлесін қосып, «Жасыл ел» еңбек жасағының қызметін сәтті үйлестіргені үшін А.Еркенге мақтау қағазы табыс етті.

Нұрбану БАЙМҰХАМБЕТОВА.

САРАН қаласы.

«АУЫЛ-БЕРЕКЕ – 2017»



OK Нұрқанат ҚАНАФИН, «Орталық Қазақстан»

Сенбі күні биылғы күздегі соңғы облыстық жәрмеңкенің сәресі жайылды. Дорба-қапшығын арқалаған қалалықтар таң бозынан Олимпийская көшесінің бойынан табылды.

Қарағандылықтардың күн қыптия жәрмеңкені жағалар жөні бар. Себебі, мұнда сол күні қырдағы ағайын астарөк ырзақ жеткізді. Және әкелген өнімін базар бағасынан 15-20 пайызға төмен бағада саудаланды. Бұл бағаның құбылмауын жергілікті билік өкілдері қатаң бақылауында ұстады.

Жәрмеңкеге облыстағы Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шет аудандардағы шаруа қожалықтары қатысты. Жеке кәсіпкерлер мен кәсіпорындар да өздері өндірген тауарларын осында тұтыну-

шы талғамына ұсынды.

Көше бойына 70 шатыр тігілді. Мұның арасында, 20 шатыр Қарағанды қаласындағы тамақ кәсіпорындарына бөлінді. Әр аудан өздеріне арналған аумақтардан орын алды.

Шараға ұйытқы болған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, жалпы, жәрмеңке барысында 352,7 тонна азық-түлік саудаға шығарылды. Оның ішінде, 75 тонна ет, 9 тонна балық, 70,7 тонна көкөніс, 161 тонна картоп, 17 тонна сүт өнімдері, 200 мың тауық жұмыртқасы және 20 тонна өзге де ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өнімдері бар.

Баға да базардағы және кейбір сауда үйлеріндегі азық-түлік құнынан анағұрлым төмен. Мәселен, жәрмеңкеде картоп – 70 теңгеден, сәбіз бен қызылша – 60 теңгеден, қой еті – 1100 теңгеден саудаланды. Соғым қарсаңында сиыр етіне

БЕРЕКЕ
ДАСТАРҚАНЫ

де сұраныс мол болды. Сәйкесінше, ірі қараның 1 келі еті – 1200 теңге мұғдарында сатылды.

Самат СӨТЖАНОВ, Осакаров ауданының тұрғыны:

– Облыстық жәрмеңкеге жыл сайын қатысуға тырысамын. Бұл жолы екі сиыр етін әкелдім. Лезде өтіп кетті. Қазір соғым уақыты ғой. Енді, сол ақшаға қыс бойы жейтін картоп-көкөнісімді сатып алып, ауылға қайтамын.

Қала тұрғындары да жергілікті биліктің жәрмеңкені дәстүрге айналдырғанына дән риза.

Раушан БӨЛКЕОВА, Қарағанды қаласының тұрғыны:

– Өткен екі облыстық жәрмеңкеге де келгенмін. Бүгін картоп алу үшін арнайы келіп тұрмын. Себебі, арзан. Қаладағы бағасы төмен деген супермаркеттердің өзінде картоптың келісі – 120 теңге. Жәрмеңкеде келісі 70 теңгеден екі қал сатып алдым. Туған туыстарға да телефон шалып, осы жерден алуға кеңес бердім. Олар да от-

басыларымен келді. Көкөніс қарап жүр.

Бұл жәрмеңке күзгі облыстық жәрмеңкелерге қойылған нүкте болды. Қазан айында екі мәрте ұйымдастырылған-ды.

Басқарманың мәліметінше, үш жәрмеңкеде 1238,4 тонна азық-түлік қалалық дастарқанына жол тартыпты. Жіктеп айтар болсақ, 203,4 тонна ет, 927,7 тонна картоп пен көкөніс, 39,2 тонна сүт өнімдері, 24,1 тонна балық, 850 мың тауық жұмыртқасы, 44 тонна өңдеу кәсіпорындарының өнімі сатылған. Сөйтіп, тұрғындардың жылдық азық-түлік қажеттілігінің 2,5 пайызы қанағаттандырылған.

Атына заты сай жәрмеңкенің қос тарапқа тиімділігі баршылық. Бастысы – қалалықтардың қалтасына үнем. Ауылдағы ағайын да маңдай терін төгіп өсірген малын алыпсатарға алданбай, көңілге қонымды бағаға өткізгеніне разы.

Суреттерді түсірген Л.ГАЛИМОВ.

ЛАТЫНҒА КӨШУ -
ЖАҢАДАНУ БАСТАУЫ

OK Аяулым СОВЕТ, «Орталық Қазақстан»

Қарағандыдағы «Достық үйінде» қазақ алфавитін кириллицадан латын жазуына көшіру туралы Қарағанды облысының Қоғамдық кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

халықаралық дәрежеге шығуына жол ашылады. Оған қоса, халықаралық ақпарат кестісіне кіруге мүмкіндіктің зор екенін атады жиналғандар.

Сондай-ақ, Қарағанды облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Ақжол Құрмансейіт латынға көшууді тиімді тұстарын атады. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру елімізге саяси жағынан, ғылым-білім тұрғысынан да, заман талабына сай

пеміз де бар. Сол латындағы «Ә» мен «Ө» әрпі кириллицаға енгізілген. Осы екі әріпті қалдыру керек болар. Әзірбайжан осы «Ә» таңбаланатын кәріпті пайдаланады. Көз үйренген. Ал, кириллица мен ағылшын тілінен бүгінгі латын алфавитіне қазақша аударатын бағдарлама болғанымен, керісінше аударатын бағдарлама жоқ. Өз қандастарымыз көзі үйренген кириллицамен қазақша үйренбей жүргенде, мына латыннан ада-күде безіп шыға ма деген қауіп те бар.

Негізі, көш жүре түзегелді деген үміттеміз, – деп атап өтті басылым басшысы.

Бұл жиынның қазақ тілінің дамуына, қолданысының кеңеюіне қосар үлесі де қомақты. Жаңа әліпбеге көшу мақсатында халықты, әсіресе, жастарды қоғамдағы өзгерістер туралы хабардар ету, жастардың алдында тұрған мәселелерді түсіндіру – міндет.

Кенейтілген кеңестің қорытындысында облыстық Қоғамдық кеңес өкілдері елдің дамуымен тығыз байланысты латынға көшууді тиімді тұстарын атады.

«МЕЙКАТОН» –
мүмкіндіктер алаңы

жобаға қатысушы 10 команда жасақталыпты. Әр командада 5 адамнан. Олардың әрқайсы әр түрлі сала өкілдері. Медицина, «Т» (Айти) сапаларының мамандарынан бастап, инженерлер мен өнертапқыштар да бар. Марафонға қатысушылар өздеріне тиесілі 72 сағат ішінде алдарына келген мүмкіндігі шектеулі жанның мәселесімен айналысып, оны шешпейінше дамып талпайды. Түбегейлі шешім тастамағанның өзінде,

жеңілдетіп береді. Мәселен, тағдыр тәл-кегімен тән кемістігін тартып отырған бір жанның мәселесін жақсы жолға қойып берсе, сондай бейнет көшуші бірнеше адамның мәселесін шешкен болады. Мысалы, көп үйлерде мүмкіндігі шектеулі жандар арбасына пандустар қарастырылмаған. Осыны ескерген жоба қатысушылары арбаға баспалдаққа ешкімнің көмегісіз-ақ өзі түсіп-міне алатын қозғалтқыш салып бере алады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫНА –
24 ЖЫЛ

Ұлттық валюта еліміздің өткенін, қазіргісін және болашағын бейнелейтін маңызды атрибутының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге 1993 жылғы 15 қарашада заңды түрде Президент Жарлығымен айналымға енгізілді. Осы күн елімізде Ұлттық валюта күні және қаржыгерлердің кәсіби мерекесі ретінде де аталып өтіледі.

Қазір, жас тәуелсіз республикамыздың өткен жолына көз тіге отырып, еліміздің тардырын шешетін шешімдер қабылдау қажет кезінде, өзіміздің ұлттық валютаның енгізу туралы ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шешімі экономика дамуының жаңа кезеңіне шығу үшін негізгі қадам болып табылғаны анық. Теңгені айналымға шығару Қазақстандағы ұлттық нарықтық инфрақұрылымды құру бойынша алғашқы және нақты қадам жасауға жеткізді.

Бұрынғы Совет Одағының елдері ішінде Қазақстан рубль зонасынан соңғылардың бірі болып шықты. Өзінің ақша бірлігін енгізу Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметіне өзінің тәуелсіз экономикалық және ақша-кредит саясатын жүргізуге қол жеткізді. Бюджет тапшылығы мен директивті кредиттердің орын толтыруға кредиттер беру тоқтатылды. Экономиканы кредиттеу толықтай екінші деңгейдегі банктерге берілді. Ұлттық Банк өзінің негізгі міндеті – ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етуді іске асыруды қолға алды, яғни, төмен инфляция қарқыны мен баға тұрақтылығын қамтамасыз етті. Және де өзінің бағалы қағаздарын (қысқа мерзімді ноталарын) шығаруды, ашық нарықта операцияларды жүргізуді және кредиттер беруді бастады. Ақша-кредит саясатының тиімді жүргізуіне «ҚР Ұлттық Банкі туралы» Заңы ықпал етті, осы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз қызметінде тәуелсіз болып, тек Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп берді.

Ел басшылығының сараланған саясатының нәтижесінде, сондай-ақ, Ұлттық Банктің ұлттық валютаны тұрақтандыру бойынша жүргізген іс-шараларының нәтижесінде бүгінгі күні теңге тұрақты және дүниежүзіне танылған ақша бірлігі болып табылады. Бірегей дизайнның негізінде теңге бүкіл әлемді мойындатты. Бұған дәлел ретінде теңге банкноттары мен монеталары әртүрлі айтулы халықаралық байқаулар мен көрмелерде жоғары бағаланады.

Яғни, отандық дизайнерлердің шетел мамандарынан жоғары баға алған жетістіктерінің бірі 2017 жылы қыркүйек айында Мәскеу қаласында өткен «Монета жұлдыздары – 2017» XI халықаралық ескерткіш монеталары конкурсының жеңімпаздарын және дипломанттарын марапаттау рәсіміне қатысуы болып табылады, онда «Көдеші монета» номинациясында II орынды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ұсынған «Сиқырлы нышандар» сериясындағы «Таға» күміс монетасы жеңіп алды.

Қазақстанның ескерткіш монеталарының өзіндік қайталанбас стилі бар, сондықтан да олар монета нарығында сұранысқа ие. Қазақ монеталары арда-ымын қызықты дизайнмен, жоғары дайындалу сапасымен және инновациялық технологияларды пайдалануымен ерекшеленеді.

Ел басшылығының дұрыс бағыт таңдауының арқасында, бүгінгі күні экономиканы жаңғырту жолында еліміздің табыстарға жетуі дүниежүзі бойынша жоғары бағаланып, танылуда. Қар-



жы жүйесі мен банк секторын дамыту мәселесі ойдағыдай шешілуде. Банк секторы құрылды, жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясаты баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған, бұл өз ретімен макроэкономиканың тұрақтылығына және жыл сайын экономиканың өсуін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қазақстанның қаржы нарығы жаңа қаржы құралдарын қолдана отырып, дүниежүзілік қаржылық дағдарыстардан сабақ ала отырып, сондай-ақ Қазақстан экономикасының ішкі қажеттілігі мен ерекшелігі ескеріле отырып, дамуға. Бастапқы кезеңде теңге тек төлем құралы ретінде қолданылса, ендігі кезеңде ол жинақ құралы ретінде қолданылуда. Қаржы секторының тұрақтылығы және ұлттық валютаның тұрақтылығы халықтың банк жүйесіне деген сенімінің артуына себепші болды, бұл банктердің ресурстық қоры қарқынының жоғары болуымен куәландырылады. Адамдар депозиттер ашып, төгеммен кредит алып, доллар мен Ресей рублін теңгеге айырбастауда.

Қарағанды облысы бойынша депозиттердің көлемі жыл басымен салыстырғанда 12,7%-ға өсіп, 640,8 млрд. теңгені құрады.

Ресурстық қордың өсуі екінші деңгейдегі банктерге экономиканы қарқынды кредиттеуге мүмкіндік туғызды. Яғни, Қарағанды облысы бойынша коммерциялық банктердің кредиттік салымдарының сомасы ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 8,2%-ға өсіп, 2017 жылғы 01 қыркүйекте 464,2 млрд. теңгені құрады.

Өлемдік экономикалық дағдарыстың ықпалы айналымдарына ел экономикасының орнықты болуы елдің алтын-валюта резервтерімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорымен көрсетілген беріктік қорының болуымен нығайтылады. 2017 жылғы қыркүйектегі қорытынды бойынша елдің алтын-валюта резервтерінің жалпы көлемі 89,4 млрд. долларға жеткен. 1993 жылдың соңында, яғни, бірден теңгенің айналымға енгізілуінен кейін біздің жалпы халықаралық резервіміз тек 711 млн. долларын құраған. Осылайша, Қазақстанның әлеуеті жетерлік, яғни, бұл ұлттық валютаның тұрақтылығын одан әрі ұстап тұруға мүмкіндік туғызды.

Ұлттық валютамыздың 24 жылдығын атап өту қарсаңында өз әріптестерімді және барлық қаржыгерлерді сериясындағы «Таға» күміс монетасы жеңіп алды.

Қазақстанның ескерткіш монеталарының өзіндік қайталанбас стилі бар, сондықтан да олар монета нарығында сұранысқа ие. Қазақ монеталары арда-ымын қызықты дизайнмен, жоғары дайындалу сапасымен және инновациялық технологияларды пайдалануымен ерекшеленеді.

Ел басшылығының дұрыс бағыт таңдауының арқасында, бүгінгі күні экономиканы жаңғырту жолында еліміздің табыстарға жетуі дүниежүзі бойынша жоғары бағаланып, танылуда. Қар-

Ғ.ШЕГЕНОВ, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ қарағанды филиалының директоры.

лып қадады. Қазір біз баспалдақпен бір өзі түсіп-міне алатын, электр қуатымен қозғалатын арба жасау қамындамыз» дейді Қазақ ұлттық техникалық университетінің студенті Мұқағали Есіркепов. Ал, өзінің осындай жағдайын айта келген мұқтаж жігіт «мына арба жасалып, мәселе шешіліп кетсе, жалғыз менің ғана емес, мен сияқты барлық жанның алғысына бөленер едіңіздер» дейді.

Ал, енді мына бір команда арнайы костюм тігумен шұғылданауда екен. Команда мүшесі, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің III курс студенті Жанар Дүйсеннің айтуынша, бұларға өздігінен жүре алмайтын (ДЦП) 15 жасар қыз келіпті. Команда мүшелері үйдің үстіңгі қабырғаларына темір белдеулер тартып, одан жіп түсірмекші. Бұлар тігіп жатқан әлгі костюм осы жіппен мықтапты байланады. Бала бірте-бірте жіптің көмегімен жүріп кетуі бек мүмкін...

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Кәсіподақ жұмысы ауқымды

ОК Нұрдос КӨРІМ,
«Орталық Қазақстан»

Бүгінде кәсіподақ орталығы және облыстық кәсіпорындар мен ұйымдардағы қызметкерлерді кәсіподаққа тарту, кәсіподақ мүшелерін қорғау және кәсіподақ жұмысын жандандыру бойынша ауқымды жұмыстар атқаруда. Бұл туралы «Қарағанды облыстық Кәсіподақ орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Любовь ҚУАНЫШБЕКОВА аймақтық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

— Біздің кәсіподақ орталығы жұмыскерлердің жанашыры әрі олардың құқығын қорғайтын ұйым болып табылады. ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңының негізінде Қазақстан Республикасы Кәсіподақтары федерациясының шешімімен өткен жылдың қаңтар айынан бастап облыстық кәсіподақ орталығы құрылды. Сонымен қатар, облыстық кәсіподақтар орталығының үйлестіру кеңесі құрылып, жұмыс жоспары бекітілген. Жергілікті атқарушы органдармен кәсіподақ және өнеркәсіп басшыларының арасында өндірістік процесті бірыңғай қалыпқа келтіру және еңбек құқығын сақтау бойынша меморандумға қол қойылып, жұмыстар жалғасуда. Осы жылдың 1 қыркүйегінде өндіріс кезінде асыраушысынан айырылған отбасы жәрдемақысы, әлеуметтік жәрдемақы, демалыс күндері, сыйақы сынды шарттар заңдық күшін жойғанына байланысты көптеген алаңдаушылықтар туындаған. Соның ішінде, «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының бас директоры «Парамжит Калон» ұжымдық шарттың қолданысын уақытша уәкілетті келісімге қол қойылды. Бұл құжат 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды. Қалған 3 ай мерзімінде компания әкімшілігімен «Қорғау» және «Жақтау» кеңешілер кәсіподақтары уағдаласуы, мәмілеге келуі қажет. Келісімде тараптар ымыраға келмеген жағдайда қолданыстағы құжаттың мерзімі 2018 жылға дейін созылатындығы көрсетілген. Қазіргі таңда кәсіподақ орталығында қоғамдық қабылдаулар өткізу үзіліп көрген емес. Келген өтінішті қарап, ұсынысты талқылауды да бірінші кезекке қоймыз. Айта кетейін, 172 ірі кәсіпорын ұжымдарымен, 465 орта кәсіпорын және 18612 шағын кәсіпорындармен келісімге келіп, қоян-қолтық жұмыс жүргізуде, — деді Любовь Куанышбекова.



Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаланы насихаттау жұмыстары бүгінгі күні қарқынды жүзеге асырылуда. Осы орайда, өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінетін Балқаш қаласындағы Өнер мектебі ұлттық қасиеттер мен құндылықтар бағытында жобалармен жұмыс жасауда. Бұл жөнінде аталған мекеме директоры Раиса ЖАНАТҚЫЗЫНАН сұрап білген едік.

— Раиса Жанатқызы, Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» деген болатын. Сіздің ойыңызша қазаққа керек табиғи болмысты сақтау үшін не қажет?

— Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында болашақ ұрпақты туған жерін қадірлеуге, тарихымызды, ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, кейінгі ұрпаққа жеткізе алардай саналы болуына барша-мызға атсалысуымыз керектігі айтылған. Адамзатты өмірге, қоғамдық ортаға, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімдейтін ұлттық қасиеттер мен құндылықтар. Өркениет көшінің соңында қалуға болмайды. Көшке ілесіп, қанымызда бар қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Елбасының ұлттық қасиеттері туралы ой өрбітуде үлкен мән бар. Ұлттық код — ең алдымен тілде, сондай-ақ, дәстүріміз бен салттарымыз, мінез-мізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетімізде екенін ұмытпағанымыз жөн. Атап айтқанда, ұлттық сана, тарихи туралы білу, білім, ұлттық тәрбие, имандылық, тектілік деген қасиеттерге бейжай қарамауға тиістіміз. Бұлар жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіретіндігі айқын. Ұлттық құндылық — ұрпаққа мұра. Мақала аясында болашаққа апаратын нақты жоспарға орай, біз, ұстаздар да өз үлесімізді қосудамыз.

— Ұстаздар қауымының мақала аясында жоспарлы жұмыстарды бастағандығын атап өттіңіз. Осы бағытта, атқарып жатқан жұмыстарыңызды тарқата айтсаңыз?

— Бүгінгі күнде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының оқу-тәрбие жұмысындағы ролі жобасы шеңберінде бірнеше жұмыстар қолға алынды. Балалардың ұлттық өнерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру және жаңа идеяларды іздестіру, жасөспірімдердің рухани дамуын қалыптастыру, жас таланттарды қолдау мақсатында 2013 жылдың желтоқсан айынан

Раиса БАҚАЕВА:

«Ұлттық құндылық — ұрпаққа мұра»



бастап, жыл сайын, ҚР Бірінші Президент күніне орай, педагогикалық кеңестің шешімімен был 4-ші рет Құлаш Байсейітова атындағы стипендия тағайындалуда. Биылғы жаңа оқу жылы да «Рухани жаңғыру» тақырыбы аясында басталды: ата-аналармен, білім саласы ардагерлерімен, қоғам және Балқаш қаласының Құрметті азаматтарымен кездесулер ұйымдастырылып, музыка-теориясы пәндерінің кіріспе сағаттары да осы тақырыпқа арналды. Сонымен қатар, биыл Балқаш қаласының 80 жылдық мерейтойына байланысты «Менің қалам», «Балқаш аңыздары» туралы тереңдетіліп оқытылды. Мектебіміздің музыка мұғалімі Жанар Тілеулина Балқаш қаласының мерейтойына арналған әнұранның авторы екендігінде айта кеткеніміз абзал. Қазақстанның халық әртісі Шара Жиенқұлованың өмірі мен өнері жайлы естеліктер бастап, бүгінгі би өнеріндегі аралықты қамтитын тарихи кезеңді оның ішінде Балқаш қаласының тарихын би арқылы жеткізген оқушыларымыздың өнері жоғары бағасын алды. Олардың киімі, қимыл қозғалысы көптің көңілінен шықты. Бұл жерде біздің білікті маман Өнер мектебінің ұстазы, талантты хореограф Ботагөз Тілеуұлованы ерекше атауға болады.

Өр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Біздің міндет қазақы қалыпты, ұлттық мәдениетті, салт-дәстүр және ұлттық болмысты өр шәкірттің бойына сіңіру. «Менің мектебім-менің мақтаным» атты жобамызды қолға қойып, Өнер мектебінен түлеген түлектермен жиі кездесулер ұйымдастырып,

тіпті, студенттердің өздеріне сабақ бергізу арқылы тәжірибесін шыңдап келеміз. Қазіргі уақыт та, біздің 9 түлегіміз жоғары оқу орындарын тәмамдап келіп, алғашқы еңбек жолын бастаған жайы бар.

— Тарихи жәдігерлеріміздің, өнер туындыларымыздың түпнұсқасын сақтап, тарихи маңыздылығын жоғалтпай жеткізу үшін қандай жұмыстар атқарылуда?

— Қай кезеңді алып қарасаңда, ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге аспаған. Ұлттық дәстүрдің өзінген таныту мақсатында да бірнеше жобаларды іске қосқан болатынымыз. Жақында ғана облысымызда ЮНЕСКО клубтарының алқалы жиыны өтті. Айтулы клуб өкілдері қатысқан облыстық семинарда баяндама жасап, жобаларымызмен таныстырдым. Өнер мектебінің ұжымы мен оқушылары өнерін көрсетті. «Шабыт», «Шыңдау» сынды жобаларымызға ерекше баға берілді. «Шабыт» жобасы аясында құрылған «Қайнар» мектеп студиясы бүгінде ұлттық санамен қалыптасқан және ұлттық зердеге бағынатын рухани ізденістерінің негізінде өсіп, көсібі шеберханалық айналып. Көркем өнер — дегеніміз көркем де бейнелі руханият қазынасы. «Рухани жаңғыру» мақаласымен шендестіре отырып, жас ұрпақты ұлттық дүниетанымын негізінде тәрбиелеуді баға жетпес, төңірек құралы көркем өнер екендігінде ескергеніміз абзал. Ұлттың тарихын, салт-дәстүрін, өткен тұрмыс-тіршілігін бейнелі әрі ұғымға жеңіл де көрнекті

түсіндіретін көркем өнерді дамытуға күш салған білікті мамандарымыз Л.Богданова, Л.Үмбетова, Г.Садуақасова Балқаш қаласының 80 жылдық тойында көп жағасында тігілген киіз үйде тамашаланып отырған ұлттық көркем өнерімізбен тәнті етті. Қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Шәкірттері мақаралық жарыстарда топ жарып жүр. «Шыңдау» жобасының да шыққан шыңы биік. Бұл жобаны қолға алғалы «Жетіген» ансамблі құрылып, бүгінде ұжым көне аспапты жаңғыртып жатыр. Сонымен қатар, күй сөз сияқты адамның ойын білдіретін әрі ішкі жан сезімін сыртқа шығаратын дүние ғой. Қайсыбір жағдайда да сөзге қарағанда күй ойда жеткізу үшін ыңғайлырақ та, түсініктірек те әрі ұтымды да болған. Күй өнерін шәкірттерінің бойына дарытқан домбыра сыныбының ұстаздары Ж.Нәдірбеков, М.Ермембетов, Б.Асылжанова, Г.Елеубекова, Қ.Мұхамедқалиеваның еңбегі ерекше. Өнер мектебінің қызмет атқарып жатқан ұстаздардың барлығы да жас ұрпақтың білімге деген құрметі оның толыққанды білім алуына, рухани деңгейінің қалыптасуына ықпал етіп келеді. Әр ғасырдың ұрпаққа жүктелетін міндеті мемлекеттің қажеттіліктерін өтеу мәселелерінен туындайды. Біздің ұстаздар жүктелген міндетті дұрыс орындай отырып, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналындыруға күш салатындығына сенімдімін.

Сұхбаттасқан
Нұрдос КӨРІМ.

ОЛИМПИАДА



Кіл мықтыда — кім мықты?

ОК Аяулым СОВЕТ,
«Орталық Қазақстан»

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» дейтін ұлы Абай сөзін ұран еткен оқушылар Сарыарқа жерінде бас қосты. Көш алдында жүруге ұмтылатын жастардың бұл тобы — Теміртау қаласында Елбасының тапсырмасымен бастау алған республикалық Х Президенттік олимпиадада кездесті. Зияткер оқушылар ғылыми бағыттағы әрі жаратылыстану-математика пәндерінен қабілетін көрсетіп, өз арасында мықтыны анықтады.

Бұл туралы Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекепіл қабілетімен анықталады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында», — деп атап өткен болатын.

Олимпиаданың өтуіне мұрындық болған «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының мамандары «Қарағанды облысы оқушылар арасында түрлі білім додаларын өткізуді игі дәстүрге айналдырған» дейді. Соның айқын дәлелі — Қарағанды облысы әкімінің қолдауымен өткен қазақстан шыққан тұңғыш математика профессоры, ғалым, Алшар арысы Әлімхан Ермеков атындағы республикалық олимпиада. Сондай-ақ, жақында Жезқазған қаласында химиядан өткен Қаныш Сатбаев атындағы республикалық олимпиаданың ұйымдастырылуы. Осыдан-ақ республика Қарағандының білім мен ғылымның дамуына үлкен мән беріп отырған өңір санайды. Ал, Теміртаудағы Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университеті бір емес, бірнеше рет Президенттік олимпиаданың қатысушыларын жылы лебізбен қарсы алды. Бұл — кездейсоқ жағдай емес. Себебі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев — осы университеттің түлегі. Сонымен қатар, Елбасы алғашқы еңбек жолын осы қалада бастады. Қазіргі таңда Елбасымен бірге қызмет атқарған үзегілес замандастары, достарының біразы осы қалада тұрады. Олимпиадаға қонақ болып келген Елбасының үзегілері Президенттік олимпиада жалауын алып кірген ең үздік оқушыларға қол соқты. Сайысқа Алматы қаласы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының командалары келді. Сондай-ақ, қазақстандық білім берудің озық үлгісін көрсетіп отырған білім ордалары — Назарбаев зияткерлік мектептерінің өңір-

лердегі құрама командалары қатысты. Қазылар алқасының құрамын физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Мұхтарбай Өтелбаев және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылым докторлары толықтырды. Олимпиада қатысушыларын өлеменің алдында қатарлы жоғарғы оқу орындарында білім алып, бәсекеге қабілетті маман болуға шақырды.

Республика мектептерінен 2631 түлек қатысқан олимпиаданың алғашқы аймақтық кезеңі «Дарын» РҒПО-ның академиялық тобының жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес барлық пәндер бойынша құрастырылған арнайы тапсырмалар жиынтығы бойынша өткізілді.

Бірінші кезеңде еліміздің барлық аймақтарының 380 мектеп бітірушісі on-line режимінде олимпиаданың қазылық кезеңінде қатысты. Қорытынды сайысқа 163 мектеп оқушысы шақырылды. Оқушылар мен жетекшілер Орталығын, Теміртау қаласы өлкетану мұражайын, ботаникалық саябақты, «АрселлорМиттал Теміртау» зауытын аралап көрді.

Олимпиаданың алтын медалі және I дәрежелі дипломдарымен — 6 оқушы, II дәрежелі дипломдар және күміс медальдармен — 13 оқушы, III дәрежелі дипломдар және күміс медальдармен — 21 оқушы марапатталды. Алматы қаласы №165 мамандандырылған лицейінің оқушысы Федор Шелестов, Қостанай облысы №90 мамандандырылған мектеп-лицейінің оқушысы Олег Лиги және Рудный қаласы №5 гимназияның оқушысы Дарья Костыря ең жоғарғы ұпай жинады. Қарағанды облысынан республикалық кезеңге 6 оқушы қатысып, 2 қола жүлде иегері анықталды. «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернатының 11 сынып оқушысы Мадина Төкішева мен Иван Кван және Теміртау қалалық Т.Әубәкіров атындағы гимназияның оқушылары үздіктер сапынан көрінді.



ОК Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ,
«Орталық Қазақстан»

Ұлт ұясы — Ұлытауда Елбасы ұсынған бағалы бастамаларды ұлағатты ұстаным негізінде қолдау шаралары үнемі қалыптасып отырып келеді. «Латын қарпіне көшу — болашаққа бағдар» тақырыбы тегінде дөңгелек үстел отырысы — осы тұжырымның бір ғана айғағы. Ұйымдастырылуына «Ұлытау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ мен «Ұлытау ауданының мемлекеттік архиві» КММ ұйымдары болған басқосуға аудан әкімі Әнуар ОМАРОВ қатысып, жиынды жүргізу тізгінін ұстады.

Дөңгелек үстел отырысына жиналған қауым алғашқы кезекте аудандық мемлекеттік архив қорындағы латын тілінде түзілген құжаттар көрмесімен танысты. Көрмені таныстырушы архив маманы Қарлығаш Ізтілеуованың айтуынша, мекеменің сақтау қорында 1939-1943 жылдар аралығын қамтитын, латын әліпбиімен жазылған 80-нен астам іс құжаттар бұмасы бар екен. Ал, таныстырылым барысында жұртшылық назарына Еңбекшілер депутаттары Ұлытау аудандық Советі атқару

Ел пікірі — бір арнада



комитетінің шешімдері, қауыптары мен хаттамалары, Кеңгір ауылдық советінің шаруашылық кітаптары, сол кезеңдерде посеккелік кеңестерге өткізілген сайлау мәліметтері ұсынылды. Құжаттардың арасынан қызылөскер отбасыларына нақты көмектер көрсетуге қатысты Қарсақбай әскери комиссариатымен хат алмасулар және Кеңес Одағының әр түрліінде орналасқан әскери құрылымдардан жолданған хаттарды да кездестіруге болады.

Отырыстағы өзінің кіріспе сөзінде Әнуар Серікбайұлы латынға негізделген әліпбидің заманауи тұрғыдағы өзектілігін тереңнен тарта безбендеп, қатысушыларды ашық пікір алмасуға шақырды. Аудан басшысының парасатты пайымдарын аудандық мемлекеттік архивтің директоры Гүлмира Рысбаева, аудан-

дық білім бөлімінің басшысы Бағдат Әбдірайымов, аудандық «Ұлытау өңірі» газетінің бас редакторы Елтынды Дүйсенбаев, Ұлытау селостерге өткізілген сайлау маңындағы аудандың Құрметті азаматы Шабаз Смайлұлов және басқалары әсерлі әрі әдемі «әділтеп» берді.

Төтесінен тартсақ, дөңгелек үстел басында латын қарпіне көшуге қатысты тұрғындардың қоғамдық сипаттағы ой-пікірлері зерделеніп, жағымды жобаны насихаттау жұмыстарының басты бағыттары мен тәсілдері айқындалды.

Мағыналы басқосуда оған қатысушыларға жергілікті халық өкілдерінің латын әліпбиіне көзқарасы хақындағы жедел-сауалнамалар мен әліпбиді ауыстырудың өзектілігі туралы деректерден құрастырылған слайдтар жиынтығы көрсетілді.



Бір сөзбен түйіндегенде, қоғам үшін аса маңызды мәселені түбегейлі талқылау қортындысы ел пікірінің бір

арнаға тоғысатынын дауысз айғақтап берді.

ҰЛЫТАУ ауданы.



Қаламыздағы Октябрь ауданы ардагерлер кеңесі мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру мәселесін және әліпбидің бірыңғай стандартын талқылады.

Отырыста бұл мәселе туралы кеңестің әдістемелік-ұйымдастыру комиссиясының төрағасы, осы жолдардың авторы сөз сөйледі. Латын әліпбиінің соңғы нұсқасы қоғамның оң бағасын алды. Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру – жаһандандық дүниежүзілік үдерісінің өркениеттік талабы. Ұлттық рух және өркениетаралық қарым-қатынастың даму кепілі. Әлем елдерінің 70 пайызы латын әліпбиін қолданып, жетістік жетіп отыр. Біз неге көштен қалуымыз керек? Негізінде, менің және басқа да замандастарымның көпшілігі алғашқы сауаттарын латын әліпбиімен ашқан болатын. Екінші Дүниежүзілік соғыс алдындағы кезеңде. Сондықтан, біз қатарлы және осында отырған ардагерлерге оны үйренудің онша қиындығы бола қоймас деп ойлаймын. Үйреніп қана қоймай, балаларымызға, немерешөбелерімізге үлгі-өнеге көрсетсек игі. Латын әліпбиі арқылы әлемдік аренада ақпарат алмасып, сұхбат жүргізуге мол мүмкіндігіміз болатыны анық. Ашық пікір алмасқан ардагерлер көкейде жүрген ойларын, түйткілдерін ортаға салды.

Көштен қалмауымыз керек



Тельман НҰРМАНОВ, ардагерлер кеңесінің мүшесі:
– Мен қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы соңғы жаңалықтарды қалдырмай оқып келемін. Өзім – дәрігермін. Маған латын әліпбиі таңсық емес. Біз рецептерді латын әріптерімен жазамыз. Мен де 80-нен асып барамын. Латын қарпімен жазылған қазақша кітаптарды мен де оқығам. Қазір олар менің қолымда жоқ. Әйтпесе, ол кітаптарды бастамашы болып, акция ұйымдастырып отырған Гольф атындағы кітапханаға берер едім. Кім ойлаған, латын әліпбиіне ораламыз деп? Бастысы, латын

графикасының тұрмысымызға тез сіңіп кетуін қолдаймыз.
Раниса МЕЩЕРЯКОВА, ардагер ұстаз:
– Өзім қызмет істеген және Ардагерлер кеңесі арқылы маған бекітілген мектептерге барып жүріп, өзінің аты-жөнін латын қарпімен қатесіз жазуға құмартып жүргендердің аз емес екендігін байқадым. Әрбір шәкіртте, әрбір мұғалімде жаңалыққа қызығушылық бар. Өзім де біраз талпынудамын. Немерелерім ағылшынша біледі. Кейбір қирицқадағы әріптерді латын қарпіне көшіру қиындау тиіп жатыр. Мысалы, Мещерякова (менің

тегім) десек – «ц» әріпін, сосын Царицын десек – «ц» әріпін латынға аудару қиындық туғызып отыр. Осы жағынан бізді оқытса деген тілегім бар.
Серікбай ЖАҚСЫБЕКОВ, ардагерлер кеңесінің мүшесі:
– Өмір көрсетеді. Не де болса, бүгін – тарихи күн. Бір үлкен өзгеріске аяқ бастық. Бағасын уақыт береді. Мен қолдаймын.
Сәуле МАҒҒУПОВА, ардагерлер кеңесінің мүшесі:
– Бізден үлкен ағаларымыз, апа-ларымыз латын қарпіні қолданған. Енді, міне, біздің де Тәуелсіздігіміздің тұсында әлемдік тілмен үндесуімізді

қолдаймын. Бұл қазақ халқының өз үні, өз дауысы, өз дыбысы бар екендігін білдіреді. Латын әліпбиі – бұл ғасырлар бойы қалыптасқан, өмірлік тәжірибесі бар қаріп. Сондықтан, Елбасының бастамасын азамат ретінде қолдаймын.

Марат АЙМАҒАМБЕТОВ, ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің ұсынылған жобасын бекітуге байланысты саяси шешім қабылданды. Өздеріңіз білесіздер, латын әліпбиін қоғам болып қызу талқыладық. Мұндай жағдай бірде-бір елде болған емес. Әрине, әліпбиді қабылдау бір белес болса, алда негізгі екінші белес тұр. Ол – өте үлкен жауапкершілік. Өйткені, қабылданған әліпбиді іс жүзінде қалай қолданамыз, жастарға жазу-сызудың техникасын қалай үйретеміз, ертең газет-журналымыз бен кітап, оқулықтар қалай шығады деген сан сауалдарға жауап керек. Мұның бәрі 2025 жылға дейін өз шешімін табуы тиіс сауалдар, дегенмен, асығыстық танытпасақ болды. Өйткені, бұл жерде сауаттылық мәселесін ескеру керек. Латын қарпі бүгінгі заманауи мәдениет пен озық инновациялық технологияның жетістіктерін меңгеруімізге жол ашады. Еліміздің сапалы саясаты қоғамның рухани келісімі мен жаңғыруына қызмет етеді. Жаңа әліпбидің көшуінің дүниетанымыдық, мәдени және психологиялық қырлары болатыны анық. Жаңа әліпби Мәңгілік Елімізді рухани кемелдену мен жаңа серпіліске, тиімді істерге жұмылдыруы тиіс. Латынға көшу – халқымыздың бауырлас түркі дүниесімен рухани және мәдени тұтастығын арттыра түседі, ұлттық сананың, рухымыздың нығаюының және мемлекеттігіміздің тұғыры.

Ошақбай СУХАНБЕРЛИН.

ЛАТЫН – болашақта жазар хатым



«Шешінген судан тайынбайды» дегендей, латын әліпбиіне көшу – толғағы жеткен өткір мәселенің бірі болып отыр. Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Мақалада ұлттық идеологияның, рухани жаңғырудың маңызды тетіктерінің негізі ретінде осы мәселе қарастырылғанын аңғару қиын емес.

көп күш жұмсаған ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлына соқпау мүмкін емес. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің сандарын мұрағаттан қарасақ, латын әліпбиіне қатысты мәліметтерді кездестіреміз. Сонда еліміздің бас

басылымынан бастап, бүкіл қазақ газеттері 1932 жылғы 1 қаңтардан арабтың төте жазуынан латыншаға көшкенін байқаймыз. Оған дейін, яғни, 1928 жылдан бастап газеттің әр санында «Латынша үйренейі» деген айдармен латын әріптерін үй-

рететін арнайы бөлім болған. 1931 жылға қарай аға басылымның беттеріндегі латын әріпмен берілген материалдар аралас жариялана бастаған. Сөйтіп, латын жазуына елдің бірте-бірте бойын үйретіп, уақыты келген кезде – 1932 жылы сол әліпбиге көшірген. Біз де солай істеуіміз керек. Қазіргі таңда қолданыста жүрген жазу үлгілері аз емес. Біз солардың ішінен латын әліпбиіне түбегейлі көшуді жөн санап отырғанымыз белгілі. Латын әліпбиін қолдану арқылы болашағымыз жарқын болады деген сенімдіміз. Әрине, төте жазу немесе кириллицамен жазылған мол мұрамыз бар екені рас, олар жаңа қарпіке көшіріледі. Латын әліпбиі – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге зор ықпал етеді. Сонымен бірге, шетелде жүрген жастарымыздың осы

жазу арқылы өз тілін басқа да ұлт өкілдеріне түсіндіру жағдайлары қиын болмасы анық», – дейді.
Өнер саласында жүрген оқушылар көкейінде жүрген сұрақтарын Азат Мақсұтбекұлына қойып, нақты да, татымды жауаптар алды. Басқосудың соңында өнерлі де, талантты 4 сынып оқушысы Қасымхан Айбек «Сәулем-ай» әнін шырқаса, 12 сынып оқушысы Айнуір Жүнісова қазақтың киелі жетіген аспабында «Ою-өрнек» күйін тартып, көрерменнің қошеметіне бөленді. Мектебіміздің домбырашылар ансамблі «Талас» күйін таралғы қылды.

Ақерке ӘЛІМЖАНОВА, Мамандандырылған музыка мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

БӘРЕКЕЛДІ



– Марафоншы болу – мен үшін бедел. Ол темірдей төзімділікті, асқан жігерді, сонымен қатар, ерінбей жаттығуды талап етіп қана қоймай, халыққа қуаныш пен мақтаныш сыйлайды, – дейді Т.Жаманбек.
Шет ауданында туып-өскен мара-

фоншы 1979 жылы Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-ды дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Бірақ, зейнетке шыққанға дейін шахтер болып еңбек еткен ағамыз қазір әртүрлі деңгейде өткізілетін жүгіру марафондарына қатысып жүр.

ҚОЗҒАЛЫС – ӨМІР

Салтанат ИЛҒЯШОВА, «Орталық Қазақстан»

Жерлесіміз Төлеутай ЖАМАНБЕКТІ Қазақстанда білмейтін адам кемде кем шығар. 65 жасқа келсе де, салауатты өмір латын насихаттап жүрген спорт ардагері, марафоншы, еліміздегі ғана емес, халықаралық жарыстардың да жүлдегері.

Жуырда Шымкент қаласында өткен «Бірге болсақ, бәрі мүмкін!» атты марафонда І орынды иеленген Төлеутай ағамыз жүлделі сыйлықпен бірге облыс әкіміне арналған марафон ұйымдастырушылардың Алғыс хатын да ала келіпті.

Төлеутай Жаманбектің айтуынша, Қарағандыда марафоншылар жоқ емес, бар. Бірақ, солардың көпшілігінің жарыстарға шығуға мүмкіндігі бола бермейді. Ел тұрғындары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жиі айтатын салауатты өмір салтын ұстануда басқа елдерден кемшіл түсіп жатқан жоқ. Қазақстан бойынша өткізілетін жарыстарға өз қаражат-

тары есебінен барып келетін спортшылардың шетелде өткізілетін жаяу марафоншылар жарысына шығуға қалталары көтере бермейді.
– Егер, бізді арнайы киіммен жабдықтап, қаржы жағынан сәл де болса көмек көрсетсе, марафоншыларымыз кез келген жарысты еңсеретініне сенімім мол, – дейді ардагер спортшы.

Т.Жаманбектің ең үлкен жарыстарының бірі – 2006 жылы Үндістанда өткен дода. Аталмыш жарыста қола жүлдені қанжығалаған спортшымыз әлі талай әлемдік жарыстарға қатысып, Қазақстанның атын шығаруды алдына мақсат етіп қойған.

Төлеутай ЖАМАНБЕК, марафоншы:

– Қозғалыс – өмір. Ал, оңтайлы спорт түрі – жеңіл атлетика. «Танертең тұрып, жүзір» деп мені ешкім міндеттеген емес. Адамның өз мақсаты болуы керек. Себебі, өмір бір-ақ рет беріледі. Бастысы – көрілікке бой алдырмау. Ешкім мәңгі жас болып қалмайды. Бірақ, өз денсаулығына қарауға міндетті. Жүзірудің адам денсаулығына, ұлт денсаулығына есепті.

Спортшының жетпіске тарта медалі бар. Жарыстарға «бізді де құрметпен шығарып салып, жүлдемен оралғанда қуанышпен қарса алса» деген арманы да жоқ емес. «Сонда қарағандылықтардың да салауатты өмір салтын ұстануға деген құлшыныстары оянар еді», – дейді ол.

ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ

Ел экономикасының маңызды бөлігі – қаржы жүйесі. Кез келген ұйымның өмірін қаржылық айналымсыз елестету мүмкін емес. Экономика мен қаржы өркендеу көрсеткіші ғана емес, мемлекеттің болашағы мен тұрақтылығының кепілі. Бұл жағдайда Қазынашылық жүйесі маңызды роль атқарады. Өйткені, ауданның барлық мекемелерінің қаржылық құжаттарын қазынашылық жүйесі арқылы өтеді. Ұлттық валюта күні мерекесі қарсаңында Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасы басшысы Мұрат Тойынбековпен кездесіп, ел көкейіндегі бірнеше сұраққа жауап алдық.



мекемелердің 19 мыңнан аса қаржылық құжаттарын өңдеп өткізді.

– Ал, өзін-өзі басқару жүйесі қалай жүзеге асырылуда?

– Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі дамыту тұжырымдамасының 2015-2020 жылдар аралығындағы екінші кезеңін жүзеге асыру мақсатында, және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалды реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 98-ші қадамын жүзеге асыру және облыстық бюджеттік басқарманың озық тәжірибесін енгізе отырып, селолық округте, ауылда, аудандық маңызы бар қалаларда жергілікті өзін-өзі басқаруында дербес бюджетті енгізу қарастырылған.

– Мұрат Тәңірбергенұлы, біздің аудандық қазынашылық басқармасы негізгі қандай функцияларды орындайды? Жұмысты орындауда қандай да бір жаңа өзгерістер бар ма?

– ҚР Қаржы министрлігі Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасы – республикалық және жергілікті бюджеттің қызмет етуін және орындалуын, мемлекеттік мекемелердің шоттарын және мемлекеттік мекемелер бойынша қолма-қол бақылау шоттарының операцияларын өткізудің қамтамасыз етеді.

«Қазынашылық Клиент» АЖ енгеннен бері мемлекеттік мекемелерге арақатынастың қызмет көрсетуінде және бұл мемлекеттік мекемелер арасында қазынашылық органдарының жұмыс тиімділігін едәуір жақсартты, бюджеттің орындалу сапасын жоғарылатты.

Мемлекеттік мекемелерді арақатынастың қызмет көрсетуі кезінде қызмет көрсетудің жылдамдығы артып, мемлекеттік мекемелерде қағаз құжаттардың, уақыт пен көлік транспорттарының шығындары мен қатар өкімшілік барьер азайды, адами факторлардың себептерінен туындайтын, яғни, қате рәсімделген құжаттарды қайтару саны азайды.

«Қазынашылық Клиент» АЖ іске қосқаннан бері қаржылық құжаттарды өңдеу және қызмет көрсету уақыты 2012 жылы 16 сағатқа, 2013 жылы 8 сағатқа, ал 2017 жылы – 7 сағатқа дейін азайтылды. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 6 сағатқа түсіру жоспарлануда.

Қазіргі таңда аудандық қазынашылық басқармасы «Қазынашылық-Клиент» АЖ 51 мемлекеттік мекемеге қызмет көрсетеді, оларға 54 қолма-қол ақшаны бақылау шоты (ҚБШ) ашылған, оның ішінде 25 жергілікті өзін-өзі басқару шоттары. Ағымдағы жылдың 10 айында қазынашылық басқармасының қызметкерлері мемлекеттік

– Басқарма кәсіби мерекке қандай жетістіктермен келіп отыр?

– Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аймақтық қазынашылық органдарының жұмыс атқаруын бағалау рейтингісі бойынша ағымдағы жылдың соңғы 9 айында біздің басқарма алдыңғы қатарда келеді.

Осы жылда басқарма қызметкерлері облыстық Қазынашылық департаменті және Қарқаралы ауданы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

– Өзіңіздің ұжымыңыз жөнінде не айта аласыз?

– Аудандық Қазынашылық басқармасы қажетті мамандармен толық қамтылған. Барлық қызметкерлер жоғары білімді. Басқармада басшының орынбасары М.Ахметова және бас мамандар – Ж.Жантурина, А.Мұстафина, Г.Жұмаділова, Г.Разбекова, Н.Жұманбаева сияқты өте тәжірибелі, сауатты, өз істеріне жауапты мамандар қызмет атқарады.

Ұжым тек, жүктелген міндеттерді атқарудан басқа, ауданда өткізіліп отыратын әрбір іс-шараларға белсенді түрде атсалысуда. Осы жағдайды пайдалана отырып, Қазынашылық басқармасы ұжымның атынан газет арқылы барлық қаржы-банктік қызметтестерімізді Ұлттық валюта күнімен құттықтаймын.

– Мұрат Тәңірбергенұлы, мәнді де мазмұнды әңгімеңізге рахмет. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Әңгімелескен **Рымбек СМАҒҰЛОВ.**

ҰЛТ ПЕН РУХ

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Кетбұқа

(1184-1260)



“Кетбұқадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда?!”

(Доспамбет)

**Кетбұқа –
Шыңғысханның
замандасы,
Алаштың қылышының
ақ алмасы!
Сарыны Қобызының
Қыпшақты іздеп,
Жүргендей әлі кезіп
ғаламды осы.**

**Шығыстан –
Тәңірімен табысқалы,
Сайтанмен шыққан
жалғыз алысқалы; –
Тамсанған оның
әрбір лебізіне,
Жаһанның Шыңғыстайын
Арыстаны.**

**Заманнан –
Шарлап небір замананы
Тимеген Ұлытауға
табаны әлі –
Тоқтатып көшін мұнда,
сол тіреген,
Ер Найман,
Өр Найманның Бағаналы!**

**Қағанның жүрген
найман сол –
Ізімен,
Дүниені шарлап құрлық,
теңізімен;
Жошының өлімін де, (адам
батпай!),
Естірткен осы жырау –
қобызымен.**

**... Елі үшін, жері үшін де
көз ілмей кеп:
“Азалы хан бар ма осы
өзімдей?!” – деп, –
Жошының мазары тұр
Ұлытауда,
Қайран, сол,
Бекзатымның
көзіндей боп...**

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

OK **Ерсін МҰСАБЕК,
«Орталық Қазақстан»**

Өнер – өмір. Өмір – өнер. Екеуі де сахнаға лайықталған. Өмір соқпағын шиырлап жүрген пенденің өзі – өз рөлін сомдап жүрген актер. Өнер сахнасы өркениет сценарііне лайықталса, өмір сахнасы – тағдыр сценарііне тәуелді. Бірақ, қазір осы екі сахнаны да кемталанттар былғап жүр. Өкінішті-ақ!

Кемейіне бұлбұл емес, компьютер ұя салған (фонограмманы айтамын) «жұлдыздар» келе қалса, билет таппай қаламыз. Ал, кешегі Ақан, Біржан, Өсет, Өміре, Жүсіпбектердің сарқытындай болған дәстүрлі ән өнері өкілдерінің кешіне уақыт таппаймыз. Өйтпесе, Арқа әнінің ақтанкерлері Мейрхан, Жақсыкелділер қай «жұлдызыңнан» көмескі?! Олардың ізін басып, ізгі өнерді ірікілісіз өрге тартып келе жатқан Дәуренбек пен Сержан кімнен кем еді?!

Өнердің жолы – ауыр жол. Сіз бен біздің дарақылықпен алып, «дархандықпен» шашып жіберген несиемізді төлеуге қиналғанымыз ештеңе емес. Өнерде жүргендердің, әсіресе, дәстүрлі өнер өкілдерінің өлмеріндігің айтыңыз. Сүрлеуіңіз бұралаң-бұлтартысы, мардымсыз жалақысы, өркениетке өгейлігі... Толып жатыр.

Егер, өнердің жолы даңғыл болса, бес жасында ән салып, 12 жасынан қасиетті қара домбыраны серік еткен Сержан Мұсайын мал дәрігері мамандарын даярлайтын оқу орнында оқитын ба еді?! Ырқымен барған жоқ. Амалсыз барып, екі жыл уақытын жоғалтқан. Сержанның өнер жолындағы мұндай бұралаңды біреу блсе, біреу білмейді. Бәрін өріден бастайық...

Арқа атырабында Таран Мұсайыновтай өрелі өнерпаз өткенін Қарқаралы, Ақтоғай, Шет, Осакаров өңірінің халқы жақсы біледі. Небары 46 жасында өмірден озған бас талант өз өнерін ұлы Сержанға аманаттаған екен.

Таңғы астың үстінде ерекше көңілді отырған Таран асыл жарына:
– Мүгілсім, осы Сержанды музыка мектебіне берсек қайтеді? Өнге бейімі бар. Сырнай сыныбына бергіп келіп жүр. Домбыраны өзі-ақ меңгеріп алады. Қалай қарайсың? – деді.

– Тәке, өзіңіз білесіз. Бірақ, домбыраға берген жөн болар. Сырнай қындау болмай ма? Оның үстіне, Сержан – нәзік. Сырнай көтеруге шамасы келе ме, – деп, қайран ана жолдасына қолдау білдіргенімен, шынашақтай ұлының жағдайын ойлап отыр.

– Қазір екінші-бірі домбыра асынып, асабалық қылып жүр ғой. Сырнаймен ән салып жүргендер – сирек. Сен уайымдама. Менің Сержаным сырнай тұрмақ, тау көтерген Толағайдай болып өседі.

Болашақтағы Арқа әнінің жарық жұлдызы Сержан Мұсайынның өнер өлкесіне басар қадамы туралы «талқылау» осымен тәмам болған. Сержан сырнай сыныбына қабылданды. Өзінің ән-ұмыры ерте үзілетінін сезді ме, Таран марқұм Сержанды өнер мектебіне өзі жетектеп апарып, батасын берді. Қазақтың киелі өнерін аманаттады.

Домбыраны қолына 12 жасында ұстады. Осыдан екі жыл бұрын ауыр науқастан дүние салған әкесінің қара домбырасы қаңтарулы тұрған. Бала Сержан әкеге деген сағынышын сол домбыраны қолына шерту арқылы басып жүрді. Домбыра шертсе болды, мауқы басылып, шері тарқайтын-дай... Шаң басқан шанағында әкесінің тағдыры бар. Пернелерінде әке саусағының табы бар. Ертелі-кеш домбыраны теңіреткеп жүрген ұлының әкеге деген сағынышын сезген анасы Сержанды бірден сырнай сыныбынан домбыра үйірмесіне берді. Сол сәттен бастап арманда кеткен әкенің жолы жалғасқан.

ҚАРАҒАНДЫ ЖҰЛДЫЗДАРЫ



Сержан Сері

...9 сынып бітірген жылы Қарағандыға Тәттімбет атындағы колледжде құжат тапсырды. Бірақ, бұл шаңырақта халық әндері мамандығы жоқ еді. Сынақтың бәрінен сүрінбей өткен сияқты еді. Анасы:

– Сержан, оқуға түсе алмадың. Ауылға қайтамыз. Қарқаралы зооветтехникумына түссесің, – деді. Ешнәрсенің байыбына барып үлгермеген Сержан ана шешіміне қарсылық та танытқан жоқ. Сөйтсе, сынақтан сүрінбепті. Колледждегі өнерге шын жанаушы ағаларының бірі: «Апай, баланыңдың даусы – жағап. Өкінішке орай, бізде домбырамен ән салу мамандығы жоқ. Егер, басқа мамандыққа берсеңіз, ол саланың мамандары өз техникаларына салып, баланың даусын бұзады. Өуре қылмай, алып кетіңіз. Алдағы жылдары ашылып қалар. Оған дейін мектепте оқи берсін» деп кеңес беріпті.

Сонымен, Сержан Қарқаралы зооветтехникумының студенті атанды. Болашақ мамандығы – мал дәрігері. Екі жыл сонда оқыды. Еш қызықпайды. 1994 жылы Жүсіпбек Елебеков атындағы облыстық ән байқауы жарияланып, ауданның «Салтанат» ансамбліне ән салып жүрген Сержан ауданда өтетін іріктеу кезеңіне дайындалып жүрген.

Аудандық байқаудан жеңімпаз, жүлдегер атанғандар облыстық байқауға дайындалып жатыр. Сержан болса,аға қазасына қамығып жүр. Өнердің жолы ауыр екенін сол уақытта-ақ сезіп еді... Өйтпесе, таланты тас жарып, даусы Қарқаралыны теңселтіп тұрған Сержанға аудандық байқау не, тәйірі?! Ол кезде ауданның мәдениет бөлімін рух жанашыры Сайлау Әлиев басқаратын. Сержанды тыңдап, шырдап жүрген де өзі еді. Облыстық байқау жақындаған тұста Сержанды шақырып алып:

– Сен енді қамыға берме. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ, өлмек қайтып келмек жоқ» деген атам қазақ. Еңсенді көтер. Қараған-

дыға Жүсекең байқауына қатысасың. Мына ұнтаспаларды тыңдап, дайындал, – деді де, қолына дәстүрлі әннің айтулы дүлдүлі Мейрхан Адамбековтің әндері жазылған ұнтаспаны ұстата салды. Дайындалды. Бірақ, көңіл-күйі қапалы адамнан ән шыға қоя ма?! Қатысуға ниетті, жүлдеден үмітті бола тұра, кешегі кейін тарта берген. Бірақ, Сайлау ағасы жанын қоймады. «Кектасқа» кетіп қалған жерінен қуып келіп, Қарағандыға алып кетті. Байқауда бағын сынады. Қазылар алқасының төрағасы – қазақтың Бекболат (Тілеухан). Сержан жарық жұлдыздай жарқ етті. Бекболат селк етті. Бекең сахнадан өзін көрді. Кешегі Жүсекең, Жәкендердің (Қарменов) көзін көрді. Сержанның да даусы қуатты тенор еді. Бас жүлдеден де қастерлі жүлдеге Сержан ие болды. Бекболат ағасы Алматыға – Консерваторияға шақырды. Өз класына. Ал, керек болса... Мына жақтағы мал дәрігерінің оқуын қалай қылмақ? Ол кездегі заң бойынша егер оқуды тастап кеткен болсаң, екі жыл оқығанда алған степендияңды қайтаруың керек. Ондай ақша қайдан келсін... Өйтеуір, өнерге жанаушы ағалардың арқасында бұл мәселе оң шешіліп, Сержан Алматыға тартты.

Алматыға келе салып, Түркияға тартты. Бүкіл консерватория таң қалсын. Жоғары курста оқып жүрген, танымал болып қалған аға-апапарының біреуі жоқ. Басшылық тандауы Қарқаралының қарға бойлы, қарағай домбыралы ұлына түсіпті. Бұл жерде Бекболат ағасының Толыбай сынышдай сұңғылалық танытқанын, сол арқылы Сержанның үлкен өнердегі жолы ашылғанын салмақтай айтуға тиіспіз.

Сайлау ағасының көрегендігі, Бекболат ұстазының сұңғылалығы болмағанда, мал дәрігері болып кеткелі тұрған Сержан Сері қазақ әнінің маңмаңгеріне айналды. Аз уақытта өзін мойындатты. Консервато-

рияда оқып жүріп, Мемлекеттік «Гүлдер» ансамбліне, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті шекара қызметінің ән-би ансамбліне өңші болып еңбек жолын бастады. 1998 жылы Ж.Елебеков атындағы І Республикалық ән байқауында – Бас жүлде, 2002 жылы Ө.Қашаубаев атындағы Республикалық байқауда – екінші орын, сол жылы Халықаралық «Шабит» фестивалінде – Бас жүлде, 2005 жылы Мәди Бәпиұлы атындағы І Республикалық байқауда – Бас жүлде, 2011 жылы Қасым Аманжолов атындағы І Республикалық ән байқауында Бас жүлде иеленді. Өткен жылы ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Қоры сыйлығының иегері атанды. Аз жетістік емес. Екі жыл бойы мүлде бөлек аудиторияда дәріс тыңдап, өнерден алыс жүрген талант иесі үшін бұл белестер – әке аманатының өтелгендігіне өлшем болар биіктер еді. Орындалған аманат, ақталған сенім!

...Сержанның Қарағандыға оралуына мәдениет майталманы, үлкен жүректі өнер жанашыры Рымбала Кенжебалақызының септігі тиіпті. Қазір Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі, Тәттімбет атындағы өнер колледжінде халық әндері бөлімінің меңгерушісі.

– Бірыңғай классиктердің бастығымын. Қарамағымда екі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, бір ҚР Мәдениет қайраткері бар. Ұстазым, дауылпаз өңші, колледж ди-

ректоры Мейрхан ағаның өзі методика бойынша маған бағынады. Оған Жақсыкелді Кемалов ағамыз бен Дәуренбек Өркеновті қосыңыз. Кілең мықтыларды басқарып отырымын, – деп қалжындайды Сержан Сері.

Биыл Сержан Сері – қырықтың қырысында Қазақ «Қамал бұзар жас» дейді. Сержан қамал бұзды! Бұзғанда да қақыратып жіберді. Ақан Серінің «Балқадисасын», Жарылғапбердінің «Үш досын», халық әні «Бес қарагерді», «Дудар-айды» Голливудқа алып барды. Американдық «The Magic of Nomads» компаниясы мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бірлескен жобасы бойынша қазақ әнінің асқар шыңы Өміре Қашаубаев туралы «Париждегі ән» атты кинотүнды Голливуд алаңында түсірілген. Сол фильмде Өміренің Парижде Эйфель мұнарасын теңселдіре салған әндерін орындауға кастинг жарияланған. Картинаның тарихи кеңесшісі Жарқын Шәкірім, музыкалық продюсері Ғазиза Ғабдрахимова сынды өнер майталмандарының талғамы Сержан Серінің үнін таңдады. Өміренің рөлін сомдау бақыты қазақстандық таланатты актер Санжар Мәдиевке бұйырды. Кезінде Болат Атабаевтың «Естайдың Қорланы» атты қойылымында Естайдың көркем қиялдағы бейнесін сомдаған Сержанға Өміренің рөлін ойнай салуға болар еді. Оған талабы да, таланты да жетіп тұр. Алайда, Голливудтың ағылшын тілін білу керек деген талабы кедергі болды. Өміре салған әндерді дубляж арқылы орындап, өлем көрермендерінің құлақ құрышын қандыру да анау айтқандай арзан абырой емес.

Сержан Серінің асқақ үні мұхиттың арғы жағына да, бергі жағына да тандай қақтырып, рухқа бөлеп жүр. Ал, біз Алаштың атын алты құрыққа жеткізген Сержан өңшіні құрметке бөлеп жүрміз бе? Ертенгі концерт – сол құрметіміздің өлшемі болсын, ағайын!



Құрылтайшысы:
облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Облыстық «Орталық Қазақстан»
газетінің редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«Облыстық «Орталық Қазақстан»
газеті редакциясы» ЖШС
Директоры – Бас редактор
Мағауия Сланбекұлы
СЕМБАЕВ

Бас редактордың бірінші орынбасары

Ерсін Кәрібайұлы
МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қуаныш Сағынтайұлы
АМАНҚҰЛОВ

Жауапты хатшы
Нұрқанат Нұрмұхамбетұлы
ҚАНАФИН

Телефондар:

Директор – Бас редактордың
қабылдау бөлмесі:
43-57-78.

Бас редактордың бірінші
орынбасары: 43-38-53.

Бас редактордың
орынбасары: 43-38-33.

Жауапты хатшы
43-30-88

Кадр, қоғамдық ұйымдармен
байланыс және жарнама бөлімі
43-35-37

Экономика, саясат
және өнеркәсіп бөлімі
48-16-45

Білім, денсаулық сақтау,
мәдениет және әдебиет бөлімі
48-16-36

Ақпарат, құқық, жастар саясаты
және бұқаралармен жұмыс бөлімі
43-17-41

Жарнама, факс: 43-21-55;
бухгалтерия: 43-49-74; 43-58-16;
компьютер орталығы: 43-58-08.

Меншікті тілшілер:

Балқаш, Ақтоғай, Шет: 8-701-480-13-79;
Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев,
Жаңаарқа, Ұлытау: 8-777-300-49-94;
Қарқаралы: 8-702-638-56-85.

Газет жеткізілмесе 41-16-07, 41-09-51
телефондарына хабарласыңыздар.

Тіркеу куәлігі №13186-Г

(Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі 2012 жылғы
22 қарашада берген).

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады**

Мекен-жайымыз:

100009, Қарағанды қ.,
Әлімхан Ермеков көшесі, №333 үй.

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Редакция 3 компьютерлік беттен асатын
көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасын
білдірмейді. Жарнамалар мен
хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді.

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен,
редакция архивінен алынды.

А – материалдың жариялану
ақысы төленген.
Қолжазба мен фотосуреттер
қайтарылмайды.

«АТФ банк» АҚ ҚФ

Есеп-шот:
KZ50826MOKZTD2003131,
БИК ALMNKZKA
БИН 000940001367

Таралымы 15 000 дана

№127 тапсырыс.
Индекс 65484
Оффсеттік басылым.
Көлемі 3 баспа табақ.

Электрондық пошта:

ortalyk.kz@gmail.com
ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі:
ortalyk.reklama@mail.ru

Бағасы көлісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
**Газеттің компьютерлік
орталығында теріліп, беттелген.**

Кезекші редактор

Рауан ҚАБИДОЛДИН

КОРРЕКТОР

О.ТӨЛЕУБЕКОВА

ҚАРАҒАНДЫ ЦИРКІ

БАСТАЛУЫ: 19:00

16 ҚАРАША

ROZA ӘЛҚОЖА

«Арқаға салған ән қандай?!»

ТЕЛ: 87789791010

атты ән кешіне шақырады

АЛКНОЖА

КЕШ ҚОНАҚТАРЫ:

ҮКІТАЙ ӘЛ-ФАРАБИ

ХОККЕЙ

OK **Нұрқанат ҚАНАФИН,
«Орталық Қазақстан»**

**Ел чемпионаты шеңберінде
өткен қос матчта да
«Теміртау» атыраулық
«Бейбарыстан» басым түсті.**

Алдымен қарсыластар сенбі күні кезде-
сті. Ойын теміртаулықтардың овертаймдағы
жеңісімен тәмамдалды. Есепті 7-ші минутта
«теміртаулық» Воронин ашты. 1:0.

9-шы минутта атыраулық Степаненко көр-
сеткішті теңестірді. 1:1. Екінші кезеңнің соңында

Қос жеңіс

атыраулық Митряков басымдықты екі еселеді.
1:2.

Ал, Воронин 49-шы минутта таразы басын
теңестірді. 2:2. Сөйтіп, овертаймда жалғасқан
ойында Зубрицкийдің соққысы «Теміртаудың»
мерейін үстем етті. 3:2.

Келесі күнгі ойында «Теміртау» «Бейбары-
стың» адымын аштырмады. 20-сыңшы минут-
та – Поляков, 26-ыңшы минутта – Кудрявцев,
31-інші минутта – Воронин қақташы Короваев
қорғаған қақпадан саңылау тапты.

«Теміртау» – турнир кестесінің 5-інші саты-
сында. Алдағы екі матчта көкшетаулық «Арлан-
мен» күш сынасады. Ойындар 21, 22 қараша
күндеріне белгіленген.